

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2019 жылдың 04 қазанындағы
№ 47 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап

қолданысқа енгізілді

Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар кезінде мәселелерді шешу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2019

Осы Ережелер ақпараттандыру, бағалы қағаздар нарығы саласындағы қоғамдық қатынастарды регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі –Биржа) бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар нәтижесінде қалыптасқан жағдайларды шешу тәртібін реттейді.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдерге ұқсас.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені деп сауда-саттық және сауда-клирингтік жүйелерді (бұдан әрі – сауда-саттық жүйесі), сондай-ақ, клирингтік қызметті және ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын, Биржаның ақпараттық жүйелері түсініледі.
 - 2) мәмілелер жасасу процесінің техникалық жаңылысы деп нәтижесінде өтінімдер беру және оларды қанағаттандыру бірнеше немесе барлық сауда-саттыққа қатысушыларда дұрыс жүзеге асырылмайтын Биржаның сауда-саттық жүйесінде өтінімдерді беру, жинау және қанағаттандыру механизмінің уақытша істен шығуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі түсініледі;
 - 3) сауда-саттықты қамтамасыз ету процесінің техникалық жаңылысы деп бірнеше немесе барлық сауда-саттыққа қатысушылардың биржалық сауда-саттыққа қатыса алмауына әкеп соққан, өтінімдер берудің және мәмілелер жасасудың мүмкін еместігі (еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоса алғанда) түсініледі;
 - 4) клирингтік қызметті жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы деп нәтижесінде клирингті жүргізуге жататын клирингтік қатысушылардың міндеттемелерін салыстыру және анықтау процесін жүзеге асырудың мүмкін еместігі болып табылатын Биржаның ақпараттық жүйесінің істен шығуы түсініледі;
 - 5) ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы деп Биржаның ақпараттық жүйесінің істен шығуы түсініледі, оның нәтижесінде биржалық мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырудың мүмкін еместігі болып табылады;
 - 6) сауда-саттыққа қатысушы тарапынан техникалық жаңылыс деп сауда-саттыққа қатысушының және/немесе оған қызмет көрсететін компаниялардың оның биржалық сауда-саттыққа қатысу мүмкін еместігіне әкеп соғатын компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдығының істен шығуы немесе дұрыс жұмыс істемеуі түсініледі;
 - 7) техникалық жаңылыс кезеңі деп осы Ережелердің талаптарына сәйкес Биржа айқындайтын техникалық жаңылыстың басталуынан бастап аяқталғанға дейінгі уақыт аралығы түсініледі;
 - 8) еңсерілмес күш мән-жайлары деп қызмет көрсетуші компаниялардың компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдығының істен шығуын немесе дұрыс жұмыс істемеуін және осындай жабдықтың жұмысындағы қателіктерді немесе кідірістерді, сондай-ақ есеп айырысу ұйымдарындағы техникалық жаңылыстарды қоса алғанда, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, соғыс қимылдары, террористік актілер, халық толқулары түсініледі;

- 9) мүдделі тұлғалар деп Биржа мүшелері, бағалы қағаздар эмитенттері, биржалық ақпаратты таратушылар және биржалық сауда-саттыққа елеулі мүддесі бар өзге де тұлғалар түсініледі.
3. Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің техникалық жаңылыстары мынадай түрлерге бөлінеді:
 - 1) мәмілелер жасасу процесінің техникалық жаңылысы;
 - 2) сауда-саттықты қамтамасыз ету процесінің техникалық жаңылысы;
 - 3) клирингтік қызметті жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы;
 - 4) ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы.
4. Нәтижесінде сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-саттық жүйесіне қосылу мүмкіндігі болмайтын сауда-саттыққа қатысушы тарапынан ақпараттық жүйелердің және/немесе компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдықтардың істен шығуы және/немесе дұрыс жұмыс істемеуі Биржаның сауда-саттық жүйесінің техникалық жаңылыстарына жатпайды. Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан ақпараттық жүйелерді және/немесе компьютерлік және/немесе коммуникациялық жабдықты қалпына келтіру жөніндегі шараларды сауда-саттыққа қатысушы өз бетінше қабылдайды.
5. Биржа өзінің сауда-саттық жүйесін жұмыс жағдайында ұстау үшін барлық ықтимал күш-жігерді жұмсайды және өз мүшелерін осы Ережелердің талаптарына сәйкес оның жұмысындағы жаңылыстар туралы хабардар етеді.

2 бап.

Техникалық жаңылыстар туындаған кездегі Биржаның іс-әрекеттері

1. Техникалық жаңылыс туындаған кезде Ақпараттық технологиялар қызметін қамтамасыз ететін Биржаның құрылымдық бөлімшесінің директоры немесе оның орнындағы адам осы Ережелердің қосымшасындағы нысанға сәйкес тіркелетін осы құрылымдық бөлімшенің ақпараты негізінде техникалық жаңылыстың түрі мен аралығын анықтайды және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей оны электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Биржаның тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесіне жібереді.

Биржа техникалық жаңылыс анықталғаннан кейін 30 минуттан кешіктірмей мүдделі тұлғалардың назарына осындай техникалық жаңылыс туралы және хабарламаны Биржаның интернет-сайтында жариялау жолымен немесе осы хабарламаны Биржаның интернет-сайтында жариялау мүмкін болмаған жағдайда кез келген басқа қолжетімді тәсілмен оны жоюдың мүмкін болатын уақыты туралы ақпаратты жеткізеді.
2. Ақпараттық технологиялар қызметін, және/немесе сауда-саттық қызметін, және/немесе ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі қызметті және/немесе клирингтік қызметті қамтамасыз ететін, Биржаның құрылымдық бөлімшелерін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасының мүшелері немесе оларды алмастыратын тұлғалар техникалық жаңылысты реттеу жөніндегі іс-қимылдарды анықтайды (осы баптың 4 және 5-тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), оның ішінде олар мыналарды қарастыруы мүмкін:
 - 1) Биржаның ақпараттық жүйелерін және/немесе аппараттық құралдарын қайта іске қосу;
 - 2) Биржаның ақпараттық жүйелерін және/немесе аппараттық құралдарын қайта іске қосу;

- 3) сауда-саттықтың басталуын кешіктіру және/немесе тоқтатыла тұруы және/немесе ұзартылуы және/немесе мерзімінен бұрын аяқталуы;
 - 4) Биржа Басқармасының Төрағасы немесе Биржа Басқармасы Төрағасының сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін орынбасары анықтаған жерде Биржаның сауда-саттық жүйесіне кіру нүктесімен жабдықталған сауда-саттыққа қатысу үшін орындар беру;
 - 5) сауда-саттықты резервтік әдістермен жүргізу;
 - 6) қаржы құралдарының барлық немесе жекелеген атаулары бойынша клирингті және/немесе есеп айырысуды (міндеттемелерді орындауды) жүзеге асыру мерзімін өзгерту;
 - 7) Биржаның қалауы бойынша өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру.
3. Осы баптың 2 тармағына сәйкес айқындалған техникалық жаңылыстарды реттеу жөніндегі іс-қимылдар:
- 1) техникалық жаңылыстарды реттеу барысында сауда-саттыққа қатысушылардың назарына тиісті хабарламаларды Биржаның интернет-сайтында жариялау жолымен немесе оларды Биржаның интернет-сайтында жариялау мүмкін болмаған жағдайда кез келген басқа да қолжетімді тәсілмен жеткізіледі;
 - 2) барлық сауда-саттыққа қатысушылардың және Биржаның тиісті қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.
4. Мәмілелер жасасу процесінің техникалық жаңылысы кезінде Биржа есеп айырысу ұйымына жіберілмеген барлық мәмілелерді, есеп айырысуға бұйрықтар мен техникалық жаңылыс кезеңінде Биржа қабылдаған барлық өтінімдерді жояды. Бұл ретте мұндай мәмілелер жойылған, өтінімдер қабылданбаған болып саналады.
- Биржа сауда-саттыққа қатысушыларды сауда-саттық жүйесінің істен шығуы мен жұмысын қалпына келтіргеннен кейін сауда-саттық жүйесі арқылы мәмілелердің күшін жою және өтінімдердің қабылданбауы туралы хабардар етеді.
5. Клирингтік қызметті жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы кезінде Биржа ағымдағы сауда-саттық күнінде есеп айырысулары жүзеге асырылмаған барлық мәмілелердің күшін жояды.
 6. Клирингтік қызметті жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы кезінде Биржа ағымдағы сауда-саттық күнінде есеп айырысулары жүзеге асырылмаған барлық мәмілелердің күшін жояды.
 7. Техникалық жаңылысты жою туралы ақпарат Биржаның интернет-сайтында ақпаратты қамтитын хабарламаны жариялау арқылы мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі:
 - 1) техникалық жаңылыстың кезеңі туралы;
 - 2) техникалық жаңылыстың түрі туралы;
 - 3) өзге де қажетті ақпарат.

3 бап.

Сауда-саттыққа қатысушылардың техникалық жаңылыстар кезіндегі іс-әрекеті

1. Қандай да бір техникалық жаңылыс туындаған кезде сауда-саттыққа қатысушының трейдері немесе осындай жаңылысты анықтаған өзге тұлға, сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын, Биржаның бөлімшесін бұл туралы кез келген қолжетімді тәсілмен дереу хабардар етуге міндетті.

2. Қандай да бір техникалық жаңылыстың басталғаны туралы хабарламадан кейін Биржа техникалық іжаңылыстың кімнің жағында болғанын анықтайды.
3. Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан техникалық жаңылыс болған жағдайда, сауда-саттыққа қатысушы кез келген себептерді және/немесе салдарларды қоса алғанда, осындай жаңылысты дербес түрде жояды.
Техникалық жаңылыс жойылғаннан кейін сауда-саттыққа қатысушы Биржаның сауда-саттық жүйесіне әдеттегі тәртіптемеде қосылады.
4. Осы Ережелердің 1 бабының 3 тармағында көзделген қандай да бір техникалық жаңылыс жағдайында Биржа осындай техникалық жаңылысты осы Ережелерге сәйкес дербес түрде жояды.

4 бап. Сауда-саттыққа қатысушы тарапынан техникалық жаңылыс кезінде баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізу/өтінімдерді жою

1. Сауда-саттыққа қатысушы қандай да бір техникалық жаңылыс туындаған жағдайда, қажет болған жағдайда осы сауда-саттыққа қатысушының атынан сауда-саттық жүйесіне баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізу және/немесе осындай жаңылыс басталғанға дейін сауда-саттыққа осы қатысушы сауда-саттық жүйесіне берген баға белгілеулерден (өтінімдерден) туындайтын қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу жөніндегі міндеттемелерден босату туралы өтініспен маклерге жүгіне алады.
Сауда-саттыққа қатысушының атынан сауда-саттық жүйесіне баға белгілеулерді (өтінімдерді) маклер енгізу және/немесе өтінімдерді жою үшін сауда-саттыққа қатысушы маклерге тиісті кбаға белгілеулердің (өтінімдердің) деректемелерін хабарлауы және байланыстың кез келген ықтимал түрімен осы сауда-саттыққа қатысушының шығыс құжаттамасы журналында тіркелуі тиіс тиісті өтінімдердің деректемелерімен жазбаша хабарлама жіберуі қажет.
2. Маклер сауда-саттыққа қатысушының атынан сауда-саттық жүйесіне баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізуге және/немесе, Бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру ережелерінің¹ 49 тармағына сәйкес, қолданыстағы баға белгілеулерді (өтінімдерді) алып тастауға құқылы.
3. Осы баптың 1 тармағына сәйкес сауда-саттыққа қатысушының хабарламасын алған жағдайда, маклер сауда-саттыққа қатысушының атынан сауда-саттық жүйесінде баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізуді/жоюды мынадай ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырады:
 - 1) сауда-саттық жүйесінде баға белгілеулерді (өтінімдерді) енгізуге/жоюға Биржа маклерінде техникалық мүмкіндік болған жағдайда;
 - 2) егер мұндай баға белгілеулер (өтінімдер) бойынша мәмілелер жасалған болса, маклер қолданыстағы баға белгілеулерді (өтінімдерді) сауда-саттық жүйесінен алып тастаудан бас тартты.
4. Маклер баға белгілеулердің (өтінімдердің) қате деректемелерін осы баптың 3 тармағына сәйкес сауда-саттық жүйесіне енгізген кезде көрсеткен жағдайда, осындай баға белгілеулерді (өтінімдерді) қате енгізу/жою нәтижесінде жасалған мәмілелер, есеп айырысу ұйымына жіберілген немесе есеп айырысулар жүзеге асырылған мәмілелерді қоспағанда, күші жойылды деп жарияланады.

¹ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылдың 29 қазанындағы № 170 қаулысымен бекітілген.

5 бап. Сауда-саттықты қайта бастау

1. Ағымдағы күн ішінде сауда-саттықты, олар тоқтатыла тұрған жағдайда, қайта бастау туралы шешімді сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін, Биржаның құрылымдық бөлімшесін үйлестіруге және бақылауға жауапты Биржа Басқармасының мүшесі немесе оны алмастыратын адам, Биржаның ішкі құжатына сәйкес, сауда-саттықты қайта бастау уақытын айқындай отырып, қабылдайды.

Егер Биржа уәкілетті органмен консультация өткізгеннен кейін уәкілетті органның бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы хаты алынбаса, сауда-саттықты қайта бастау туралы шешім қабылданады.

2. Егер техникалық жаңылыс сауда-саттық күні аяқталғанға дейін жойылмаса, Биржа сауда-саттықты қайта бастамайды, сауда-саттық күні техникалық жаңылыс басталған сәттен бастап жабық болып есептеледі.

Техникалық жаңылыс жойылған жағдайда келесі сауда-саттық күнінің басталуына қарай сауда-саттық әдеттегі тәртіптемеде ашылады.

6 бап. Биржаның сауда-саттыққа қатысушылар алдындағы жауапкершілігі

1. Осы бапта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, бағдарламалық-техникалық кешеннің жұмысындағы техникалық жаңылыстың салдарынан Биржаның сауда-саттығына қатысатын Биржа мүшесіне келтірілген, оның ішінде ала алмай қалған пайданы қоса алғанда, шығындар үшін Биржа жауапты болмайды.
2. Биржаның сауда-саттығына қатысатын Биржа мүшесіне, оның ішінде қашықтан қол жеткізу тәртіптемесінде, осы Биржа мүшесінің, оның қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың (оның ішінде телекоммуникациялық қызмет көрсететін ұйымдардың) кінәсінен болған техникалық жаңылыс салдарынан, сондай-ақ осы Биржа мүшесінің компьютерлік және коммуникациялық жабдығының жұмысқа қабілетсіздігі немесе істен шығуы және/немесе осындай жабдықтың жұмысындағы қателер және/немесе кідірістер салдарынан келтірілген шығындар үшін Биржа жауапты болмайды.
3. Нәтижесінде есеп айырысулар жүзеге асырылған мәмілелер жасалған, осы Ережелердің 4 бабының 1 тармағына сәйкес Биржа мүшесінің трейдері деректемелерін жіберген баға белгілеулерді (өтінімдерді) маклердің қате енгізгені/алып тастағаны үшін Биржа жауапкершілігінің мөлшері баға белгілеулері (өтінімдері) Биржа маклері қате енгізген/алып тастаған сауда-саттыққа қатысушыны мүшелік жарнаны төлеуден босату арқылы "қор" немесе "валюта" санаттары (мәміле жасалған қаржы құралының түріне байланысты) бойынша ай сайынғы мүшелік жарнаның мөлшерімен шектеледі.
4. Егер қандай да бір техникалық жаңылыстың ұзақтығы бір жұмыс күнінен артық болған жағдайда, Биржа "қор" немесе "валюталық" санаттар бойынша Биржа мүшелерін (сауда-саттық өткізілмейтін қаржы құралының түріне қарай) Биржадағы техникалық жаңылыс жалғасатын күндер санына бара-бар мүшелік жарнаны төлеуден босатады.
5. Техникалық жаңылыстарға байланысты туындайтын, биржалық мәмілелер жасасуға қатысты даулар Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қаралуға жатады.

7 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына, Биржаның жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде қабылданған Биржа органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
2. Осы Ережелер Биржаның www.kase.kz интернет-сайтында жариялау арқылы Биржа мүшелерінің назарына жеткізілуге жатады.

Биржа мүшелері және басқа да мүдделі тұлғалар осы Ережелермен танысуға және олардың талаптарын сақтауға міндетті. Биржа мүшелерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың осы Ережелермен таныспауы Биржаның осы Ережелердің талаптарын қолданбауы үшін негіз бола алмайды.
3. Осы Ережелерге өзгертулердің және/немесе толықтырулардың уақтылы енгізілуі үшін жауапкершілік (өзектілендіру), Биржадағы сауда-саттықты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
4. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен сиретпей өзектендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Биржаның бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысындағы техникалық жаңылыстар кезінде мәселелерді шешу ережелері

Биржаның
бағдарламалық-
техникалық кешенінің
жұмысындағы техникалық
жаңылыстар кезінде
мәселелерді шешу
ережелеріне
қосымша

**Техникалық жаңылысты тіркеу
НЫСАНЫ**

Техникалық жаңылыс болған күні	
Техникалық жаңылыстың түрі	<input type="checkbox"/> мәмілелер жасасу процесінің техникалық жаңылысы <input type="checkbox"/> сауда-саттықты қамтамасыз ету процесінің техникалық жаңылысы <input type="checkbox"/> клирингтік қызметті жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы <input type="checkbox"/> ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру процесінің техникалық жаңылысы
Техникалық жаңылыстың кезеңі	Астаналық уақытпен __.__.__. бастап __.__.__. дейін
Техникалық жаңылысты реттеу бойынша Биржа қабылдаған іс-әрекеттер	

[Ақпараттық технологиялар
Департаментінің директоры]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

[Қызметінде техникалық жаңылыс
болған, құрылымдық бөлімшенің
жетекшісі]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

[Биржаның Ақпараттық
технологиялар қызметін
қамтамасыз ететін, құрылымдық
бөлімшесін үйлестіруге және
бақылауға жауапты Биржа
Басқармасының мүшесі]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

[қызметінде техникалық жаңылыс
болған, Биржаның құрылымдық
бөлімшесін үйлестіруге және
бақылауға жауапты Биржа
Басқармасының мүшесі]

[қолы]

[инициалдары, тегі]